

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№4(125)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© **Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

Мазмұны

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Мақаш Л.</i> Атилла туралы аңыздаулар	8
<i>Амангелді А.А., Тилеужан Д.М.</i> Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет лексикасының берілуі	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Ағылшын тілінде жазылған ғылыми мақаланың макро-құрылымының когнитивтік және прагматикалық моделі	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде)	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Техникалық дағдылар және ағылшын тілі оқытушыларының онлайн оқыту дайындығы	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі туынды модельдеу	62
<i>Дәулетбекова Ж.Т., Юсуп П.Қ.</i> Білім беру үдерісінде филолог-студенттердің интеллектуалдық құзіреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері	70
<i>Дихан Қамзабекұлы</i> Алаштың «23 жоқтауы» - азаттықты жоқтау рәмізі	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Кәсіби бағдарлы тілдік тұлғаны қалыптастырудың мультилингвалды сипаты	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Ұлы Дала фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі	94
<i>Мұхтарова С.С.</i> Қазақ баламасыз лексикасын жеткізу жолдары (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде)	102
<i>Сыздықова Г.О.</i> «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы сапалық сын есімдердің семантикасы	108
<i>Таңжарықова А.В., Юсуп А.Н.</i> Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі	115
<i>Тұрысбек Р.С., Мәтібаева Э.Қ.</i> Шағын жанрдың көркемдік әлемі (Д. Досжан әңгімелері бойынша)	121
<i>Өтебалиева Г.Е., Қасқабасова Қ.С.</i> Ана тілі деңгейінде үйренуге арналған көпдеңгейлі тіл білімі	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі «ақ» сөзінің сөзжасамдық әлеуеті	136
<i>Жазбадерек. Сәтенова С.К.</i> Рухани жаңғырумен үндес іргелі ғылыми еңбек	145

Contents

<i>Aimukhambet Zh.A., Makash L.</i> Legends about Attila	8
<i>Amangeldy A.A., Tilozen D.M.</i> Reflections of material and cultural vocabulary associated with the horse in lyric-epic works	15
<i>Baibatyrova A.A.</i> Cognitive-Pragmatic Model of Macrostructure of Research Articles Written in English	25
<i>Beisembayeva G.Z., Kalibasova A.K.</i> Gender aspect of the emotion expression in English and Kazakh languages	42
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> Technical Skills and Readiness of English Language teachers in Kazakhstan to teach online	50
<i>Bizhkenova A.E.</i> Modern modeling of the Kazakh Language	62
<i>Dauletbekova Zh.T., Yusup P.K.</i> Psychological Basis of the Formation of Philologists-Students' Intellectual Competence in the Literary Educational Process	70
<i>Dihan Kamzabekuly</i> «23 Zhoktau» of Alash – a Symbol of Zhoktau for Freedom	77
<i>Zhusupova R.F., Niyazova A.E., Abduova B.S.</i> Formation of professionally oriented linguistic identity multilingual character	86
<i>Zeinulina A.F., Ibrayeva A.T.</i> Character of Arkalyk Batyr in the Great Steppe Folklore	94
<i>Mukhtarova S.S.</i> To translation problems of Kazakh non-equivalent vocabulary (on the materials of I. Esenberlin trilogy “Nomads”)	102
<i>Syzykova G.O.</i> Semantics of qualitative adjectives in the work «Kozy Korpesh-Bayan Sulu»	108
<i>Tanharykova A.V., Yusup A.N.</i> Mythological and technical foundations of sacred places in modern Kazakh poetry	115
<i>Turysbek R.S., Matibayeva E.K.</i> Small genre and artistic world (On creativity D.Doszhans)	121
<i>Utebaliyeva G.E., Kaskabassova Kh.S.</i> Multi-level language proficiency in learning a non-native language	129
<i>Shokabayeva S.S.</i> Word-formulative Potential of the Word «ақ» in the Modern Kazakh Language	136
Chronicle. <i>Satenova S.K.</i> Fundamental scientific work in the light of spiritual rebirth of society	145

Содержание

<i>Аймухамбет Ж.А., Макаш Л.</i> Легенды об Аттиле	8
<i>Амангельды А.А., Тилеужан Д.М.</i> Отражения материально-культурной лексики, применяемые к лошади в лиро-эпических произведениях	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Когнитивно-прагматическая модель макроструктуры англоязычной научной статьи	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерный аспект выражении эмоции в английском и казахских языках	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Технические навыки и готовность учителей английского языка обучать онлайн	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Моделирование дериватов в современном казахском языке	62
<i>Даулетбекова Ж.Т., Юсуп П.К.</i> Психологические основы формирования интеллектуальной компетентности филологов-студентов в литературном образовательном процессе	70
<i>Дихан Камзабекулы</i> «23 жоктау» Алаша – символ жоктау по свободе	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Формирование профессионально-ориентированной языковой идентичности в мультилингвальной среде	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Образ Аркалык батыра в фольклоре Великой Степи	94
<i>Мухтарова С.С.</i> Особенности перевода казахской безэквивалентной лексики (на материале трилогии И. Есенберлина «Кочевники»)	102
<i>Сыздыкова Г.О.</i> Семантика качественных прилагательных в произведении «Козы Корпеш-Баян сулу»	108
<i>Танжарыкова А.В., Юсуп А.Н.</i> Мифопоэтические мотивы сакральных мест в современной казахской поэзии	115
<i>Турысбек Р.С., Матибаева Э.К.</i> Художественный мир малого жанра (По творчеству Д. Досжана)	121
<i>Утебалиева Г.Е., Каскабасова Х.С.</i> Разноуровневое владение языком при обучении неродному языку	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Словообразовательный потенциал слова «ак» в современном казахском языке	136
<i>Хроника. Сатенова С.К.</i> Фундаментальный научный труд в свете духовного возрождения общества	145

XFTAP 16.21.29

Г.З. Бейсембаева¹, А.К. Калибасова²

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹vip.beisembaeva@list.ru, ²a_kalibasova@mail.ru)

Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде)

Андатпа. Мақалада адамның ішкі жай-күйі мен эмоциясын танытатын сөздер гендерлік аспектіде қарастырылды. Зерттеу барысында ағылшын және қазақ тіліндегі материалдарға талдау жүргізілді. Ерлер мен әйелдердің тілдік қолданысындағы эмоцияны көрсететін сөздердің құрылымдық, мағыналық ерекшеліктері анықталды. Сондай-ақ, талдау кезінде ағылшын және қазақ тілінде келтірілген мысалдар негізінде эмоцияны білдіретін сөздердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілді.

Автор гендерлік лингвистиканы жан-жақты зерттеген О.В. Добрунова, А.В. Вандышева, А.В. Кирилина сынды ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып эмоцияны білдірудің гендерлік жіктеліміне талдау жасаған. Сондай-ақ, гендерлік аспектіде эмоцияға қатысты теориялық мәселелерді сипаттай отырып, практика жүзінде дәлелдеп көрсетті. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі эмоцияны білдіретін тілдік бірліктердің табиғатына тоқталып, мақала төңірегінде дәлелдемелер мен нақты мысалдар келтіріп өткен. Адамдардың гендерлік жіктелім бойынша эмоцияны танытуда тілдік қолданыстың әртүрлі болатындығы ғылыми негізде дәлелдеген.

Түйін сөздер: гендерлік аспект, гендерология, эмоция, лексика.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-42-49>

Кіріспе. Гендерлік лингвистика тіл білімі мен гендерологияның тоғысында қалыптасты және оның әлеуметтану, саясаттану, әлеуметтік және психолінгвистикамен тығыз байланысы бар. Гендерлік лингвистика тілді және гендерология құралдарын қолдану арқылы жүзеге асқан сөйлеу мінез-құлқын зерттейді. Гендерлік зерттеулер әйелдер мен ерлердің қасиеттері туралы таптаурын түсініктерді, жынысына байланысты тұлғалардың сөйлеу мінез-құлқын, тілдегі тек категориясын, гендерлік асимметрияның санын және т.б. басты назарға алады. Адамның ішкі әлемінің жай-күйі оның сыртқы іс-әрекетінен көрініс табады. Оны зерттеу кезінде адамның сыртқы ортамен қалай байланыс жасайтындығын аңғарамыз. Ал сыртқы ортамен байланыс көбіне тіл арқылы жүзеге асатындықтан, индивидтің тіліне басты назар аударуымыз керек. Адамның, ер мен әйелдің тіліндегі ерекшелікті анықтау адам психологиясын толық түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда лингвистиканың бұл мәселені айқындауда орны ерекше.

Зерттеу нысаны. Кез келген ұлттың өзіне тән тілдік қолданыстары мен лингвомәдени бірліктері болады. Сол секілді қазақ және ағылшын тілдерінде де бір-біріне ұқсайтын не ерекшеленетін гендерлік белгілер бар. Екі тілдегі эмоцияны танытатын сөздерді салғастыра зерттеу арқылы ер мен әйелдің эмоционалдық жай-күйін анықтай аламыз. Зерттеудің мақсаты. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі эмоцияны білдіретін тілдік бірліктерді анықтау, жеке сөздер тобы мен құрылымдарды зерттеу.

Тақырыптың зерттелуі. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап барлық ғылым салаларында адамды басты назарда зерттеу кең өріс алды. Яғни құрылымдық парадигманың кемшіл тұстары анықталып, жаңа антропоэзектік бағыт ғылыми айналымға енді. Осыған орай сан саладағы зерттеу бағыты адамға бағыттталып, адамның ішкі жай-күйіне, адамның ұлттық, жеке тұлғалық ерекшеліктеріне басты назар аударыла бастады. Осыдан келіп линг-

вистикадада жаңа бағыттар дамыды. Тіл білімінде этнолингвистика, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, прагмалінгвистика, когнитивті лингвистика, гендерлік лингвистика сынды зерттеу объектілері пайда болды.

Гендерлік лингвистика психологиямен тығыз байланысты. Өйткені ер мен әйелге тән тілдік бірліктердің көрініс табуы олардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Әсіресе эмоцияны білдіретін сөздер тобын зерттеуде психологияға жүгінгеніміз абзал. О.Добрунова мен Е. Кондрашина адам баласына тән эмоциялық қасиеттерді лингвистика тұрасынан зерттеудің маңыздылығын айта келіп: «Психология ғылымы алдымен адам өміріндегі эмоцияның қызметін зерттейді. Бұл ғылыми позицияның нақтылығына қарамастан, психологтар тарапынан адамның эмоциясын зерттеу көңіл көншітерлік нәтиже бермей отыр. Бұл адам эмоциясын тілдік тұрғыдан зерттейтін лингвистерге қиындық тудырады» деп жазады [1,63]. Ал бұл мәселені гендерлік аспектіде зерттеу ғылымға көп нәрсе берері анық. А.В.Вандышева гендерлік лингвистиканың келешегінің мол екендігін айтады. Өйткені бұл аспект арқылы ер мен әйелдің ішкі жан күйзелістерінің сипатын толық анықтай алатындығымызды айтады [2,147]. Н.Буренина кез келген қоғамда әйел мен ер адамның тілді әр түрлі пайдалатындығын атап көрсетеді [3, 43]. Бұл тұста психологиялық зерттеулерге сүйенсек те әр адамның эмоцияны сыртқа шығаруы әр түрлі екендігін дәлелдей түсеміз. Яғни әйел мен еркектің эмоциялық қарым-қабілеттері бір-біріне ұқсамайды. Мұны ғалымдар ер мен әйелдің физиологиялық ерекшеліктерімен байланыстырады. Демек, эмоцияны көрсетуде адамның іс-қимылынан бөлек, сөйлеу мәнері мен сөз талғауында да гендерлік ерекшелік, алшақтық болады.

Эмоция – біздің ішкі күйіміздің индикаторы. Адамзаттың ішкі күйзеліс, жай-күйі, қуаныш-мұңы эмоциялары арқылы сыртқа шығып отырады. Олар, әрине, вербалды немесе вербалды емес бірліктер арқылы көрініс табуы мүмкін. Ғылымда адам баласының эмоциялық күйінің көрінісін түрлі іс-қимылдар, мимика, жест арқылы берілуін психология зерттесе, ал лингвистикада адамның ішкі әлемін сыртқа шығаруда қандай тілдік бірліктерді қолданғандығын зерттейді. Ер мен әйелдің антропологиялық жағынан бір-бірінен ерекшеленетіні секілді, эмоцияны көрсетуде де қолданатын тілдік бірліктері әр түрлі. Бұдан ерлер мен әйелдерге ғана тән эмоцияны көрсететін сөздер тобын бөліп алып қарастырамыз.

Лингвистикалық құралдар арқылы адамның эмоциясын жеткізу, көрсету механизмдері ғылыми парадигмаларда қашан да өзекті болып келді. Бұны бірнеше ғылым салалары, оның ішінде, психология, әлеуметтану, физиология, философия, этика, медицина, лингвистика, әдебиеттану зерттейді.

Эмоцияны жүзеге асыруда кең тараған тәсіл оны сөйлеу әрекетінде арнайы тілдік құралдармен және сөйлеу механизмдерінің көмегімен бейнелеу болып табылады. Арнайы тілдік құралдар дегеніміздің астарында біз эмотивті сөздерді және олардың тілде көрініс табуын айтып отырмыз [4,39]. Эмотивті сөздер қатарына одағайларды, қыстырма конструкцияларды, эмоциялық мәні бар сөз таптарын жатқызамыз. Эмоциялық мәні бар сөз таптарына көбіне сын есім, етістік және зат есім жатады.

Ағылшын тілінде эмоция етістіктерге қарағанда көбіне сын есімдермен беріледі. Мысалы: *to be sad, pleased, afraid, angry, happy, disgusted, glad, etc.* Бұл аталған сын есімдер белсенді эмоцияны емес, керісінше пассив адамның жай-күйін көрсетеді. Ал қазақ тілінде жағымсыз мәнде эмоция көбіне көп ашуланды, қатуланды, қамықты, жынданды, долданды, күйзелді, жалықты, күңірелді, жабықты, т.б. сынды етістіктермен беріледі. В.Потаповтың зерттеуінше, әйелдердің сөйлеу әрекетінде көбіне бағалауыштық сын есімдер қолданылады. Ал егер ер адам бағалауыштық сын есімдерді қолданған болса, оның өзі көлемдік және параметрлік қарым-қатынаста болатындығын айтады, әйелдің *very* немесе *so* сөздерінің орына *awful* боламаса *pretty* сын есімдерін қолданатындығын көрсетіп өтеді [5,127].

Тақырыптың өзектілігі мен практикалық мәні. Ер мен әйелдің тіліндегі ерекшелік диалогқа түскенде айқын көрінеді. Мысалы,

- Well, I think a rather terrific movie, actually.

- Not bad, no [6].

Мұндағы бірінші сөз ер адамға тиесілі болса, екінші реплика – әйел адамның сөзі. Бұдан әйелдер көбіне модаль мәнді етістіктерді жиірек қолданатындығын көре аламыз. Сондай-ақ, ағылшын тілінде ер адамдар екі ұдайлы модаль мәнді сөздерді қолданатындығы анықталған. Бұл сызба «модаль мәнді етістік» + «үстеу» формасында келеді. “And I just wondered how what’s interesting to me, looking at your career, is that Fellini and many other Italian directors...perhaps you could talk about the contrast between that and working in Hollywood” [6].

Аффектілі лексиканы (awfully, pretty, terribly nice) жиі қолдану әйелдердің жоғары эмоционалдылығымен байланысты [5, 164б.]. В.В.Потаповтың зерттеулеріне сүйенсек, әйел адамның ішкі көңіл-күйіне үңілуі ер адамдарға қарағанда көбірек жүзеге асады. Осыдан бастап эмоцияны танытатын көптеген тілдік бірліктер әйел адамның тіліне тән болып кеткен [5, 173б.]. Сонымен қатар, әйелдер эмоцияны білдіру барысында екпін және дауыс ырғағы сынды тілдік емес құралдарға да жүгінеді.

“It’s fantastic because I’ve been living thousands of lives, not only my life. Lots. I’ve also been doing all the literature, Italian literature” [6].

Алайда жиі болмаса да, мұндай құрылымдар ер адамдардың да сөйлеу актісінде кездесіп жатады. Мысалы:

You’ve mentioned that you rehearsed for three months before shooting – what did that actually involve?

- I’m obsessed [6].

- ...do you think people equate your life and art a little bit too closely?

- Yes, I do think that. I think that for some reason it gives people pleasure to equate the life of certain movie actors or actresses with their actual lives [6].

- I’m afraid that’s all we have time for.

- Thank you all for coming. I’m flattered and astounded that you showed up, and if you see my movie, don’t be too harsh on it [6].

Ғалымдардың зерттеуінше, көңіл-күйді, эмоцияны көрсетуде одағай сөздердің алатын орны – ерекше. Одағай сөздер сөйлем құрамында талдауға түспейтін, өзге сөйлем мүшелірімен жымдаспайтын оқшау құрылым болғанымен, сөйлеу әрекеті кезінде адамның түрлі көңіл-күйін жеткізуде таптырмас тілдік бірлік болып саналады. Өйткені одағай сөз табы табиғатынан көңіл-күй лексикасын беруге бейім келеді.

Көптеген эмоционалды сөздер, әсіресе, одағай эмоцияны жалпы түрде көрсетеді. Негізгі контексті тұтас зерделеу барысында оның оң не теріс мағынасында жұмсалғандығын аңғара аламыз. Мысалы, «Ой» одағайын алайық, бұл сөз қуанышты да өкінішті де білдіре алады. «Ой, бәрежелді» десек, оң мағынасында, яғни таңырау, сүйсіну мәніне ие екендігін көреміз. Ал «Ой, мұның не?» десек, керісінше бір іске көңілі толмау мағынасында жұмсалады. Яғни, эмоционалды сөздер сол кездегі жағдаятқа тікелей байланысты. Т.Е.Змееваның пайымдауынша, эмоцияны танытудың бірнеше деңгейлері болады [7, 104]. Яғни эмоция оң және теріс, бәсең және жоғары болуы мүмкін. Бұл негізінен адамның темпераменті мен мінез-құлқына тікелей байланысты. Ер адамға көбіне салқынқанды, көтеріңкі тондағы сөздер тән болғанымен, мінезі жағынан жуастау келетін ерлердің тілінде мұндай сөздер орын алмауы мүмкін. Өйткені ғалымдардың нақтылауынша, адам сөздерді өзінің мінезіне байланысты жұмсайды. Сондай-ақ, әйелдердің сөйлеу әрекетінде қыстырма сөздер, одағайлар мен қаратпа сөздердің, сөйлеушінің өзіне деген сенімділігін танытатын немесе өзгенің пікіріне деген көзқарасын айқындайтын оқшау сөздер де көптеп қолданылады. Ағылшын

тілінде мұндай құрылымдарға probably, possibly, certainly, I think, I suppose, you see, to seem, to my mind сынды тілдік бірліктер жатса, қазақ тілінде де модаль мәнді, сенімсіздікті білдіретін мүмкін, менің ойымша секілді қыстырма конструкциялармен қатар ойбай, апырмай сияқты одағай сөздер де қолданылады. Мысалы:

- *Ойбай-ау, мен оны ойламаппын-ау. Бәсе, не апарсақ екен?* – деді [8, 8]. Мұнда әйел адам жай ғана бір іске күйбеліктік танытқанда «ойбай» одағайын қолданса, келесі бір жағдайда жаны қысылған, жақынына алаңдаған әйел осы одағайды жұмсайды.

- *Ойбай-ай, ойбай-ай, Сейілхан-ай, жетсейші. Жынды қатын өлтіреді ғой* [8, 30]. Бұл екі жағдайдағы бір одағайдың эмоциялық реңкі екі түрлі. Демек, белгілі бір жағдаятқа байланысты әйел тіліндегі құрылымдар түрлі бояумен түрлі бағалауыштық қызмет атқарады. Келесі әйел тілінде жиі қолданылатын одағай - «япырай». Мысалы: «...Света кішкене қабағын шытып отырды да: - *Япырай, бекер болған екен мұның,* - деді.» [8, 21]. Демек, әйел адам белгілі бір іске қатысты өзінің эмоциясын танытуда соған сай конструкцияларды таңдап, жұмсап отырады. Бұл жердегі одағай өзінің табиғатынан таңдану мәнін беретіндіктен, таңдау процесіндегі әйел адамның тілінен көрініс табады.

Әйел адам ер адаммен салыстырғанда қорқуға бейім келеді. Сондықтан әйел адам қорыққанда бірнеше сөзді не сөйлемді қатырынан айтуы мүмкін. Мысалы, - Бұл не маскара! Қаран қалғыр кілең, адамсындарма, хайуансындар ма? Баладан, жас баладан неге ұялмайсындар? Өңшең ұятсыз! Көргенсіздер [8, 64]. Мұнда көріп тұрғанымыздай, бір мәндегі жеку, ұрысу процесіндегі сөздер қатарынан келген. Әйелдің эмоциясын анық беріп тұрған «маскара» сөзі мен сұрау мағынасындағы сөйлемдер және «өңшең ұятсыз», «көргенсіз» сынды эмоциялық реңкі көтеріңкі сөздер.

- *Түү, кісіні осыншама қорқыттың ғой, өзің бұ дүниеде бар екенсің.* – деп аймалай берем [8, 73]. Қазақ тілінде қорыққанда немесе бір істен көңілі қалғанда қолданылатын «түү» сөзі де көбіне әйел тіліне тән.

Ер адамның тілдік қолданысына көбіне бұйыру мәніндегі сөздер тән. Бұйрық райдағы сөздерді жиі жұмсау ер адамның мінезінің өткірлігімен, батылдығымен және қатқылдығымен байланысты. Мысалы: «*I wish I could absorb them even more because these are the great profound cinema artists of my lifetime*» [6]. Мұндай мысалды қазақ тілінен де келтіруге болады. - *Жоғал деймін саған, көзіме көрінбей!* [8,976.]. Ашуға берілген ер адамның сөзінен қатқыл ыза мен бұйыру мәніндегі сөзді аңғара аламыз.

Ер адамның сөйлеу әрекеті кезінде эмоциясын анық танытатын тілдік бірліктер әйел адамның тілдік қолданысына қарағанда сирек жұмсалады. Бұл негізінен ер адамның эмоцияға тым берілгіш болмайтындығынан және өзін кез келген жағдайда байыпты ұстай алатындығынан туындайды [9,2096.]. Ал әйел адам көбінесе тым әсерленгіш, әр нәрсені жүрекпен қабылдайтын мінезге ие болып келеді. Сондықтан да әйел тілінде көңіл білдіремін, алақай, көңілім қалды, өкпеледім секілді тілдік құрылымдар жиі ұшырасады. Ер адамдарда көбіне жағымсыз эмоцияны білдіру жаргон сөздермен не десфимизмдермен қатар келіп жатады. Мысалы, - *Ой, ақымақ, шешеңнің етегіне жармасқан бәле емес пе едің?* [8, 209]. Мұндағы теріс мәнді «ақымақ» субстантивтенген сын есімі – дөректілік мәнді білдіретін қаратпа сөз. Тілде мұндай дөрекі сөйлеу ер адамдарға тән. Бұл, әрине ер адамның физиологиялық табиғатымен тығыз байланысты. Өйткені ер адам әйел адамға қарағанда доминант болып келеді. Яғни көп жағдайда ер адам үстемдік етеді. Соған сай ер адамның тілдік қолданысында дөрекі мәнді лексика көптеп ұшырасады. Әрине, мұндай конструкциялар әдетте ер адам ашуланғанда, көңіліне тиетін жағдайлар болғанда қолданылады.

- *Әтеңелеттің қатыны бұрын шалып жығатын еді, енді алып жығатын болыпты ғой,* - деп күңк ете қалды [8, 41]. Келесі бір мысалдан байқанымыздай, ер адам ашу үстінде теріс мағынадағы боқауыз сөздерді жиі қолданады. Мұнда ер адамның ашуын танытып тұрған сөз – «*әтеңелет*» сөзі.

- *Қап, сен қатынды ма... -деп кіжініп тұрды да, кенет асығыс шешіне бастады* [8,406.]. Бұл сөйлеу әрекетіндегі айтылым ер адамға тиесілі екендігін бірден білуге болады. Біріншіден, жеку, ашулану кезінде «**қап**», «**тәйт**» конструкциялары ер адамда көбірек жұмсалса, екіншіден «**қатын**» сөзі әдеби нормадағы сөз болғанымен, ер азаматтар ашу шақырғанда жекіру екпінінде қолданатын сөздер қатарына жатады. Сондай-ақ, кейіпкердің эмоциясын автор «**кіжініп**» етістігімен де анықтап көрсетеді.

Гендерлік лингвистиканы зерттеуші-ғалым А.В.Кирилина адамның табиғи жынысын негізге алатын гендерлік фактор тұлғаның нақты мінездемесін беруде ерекше орын алатындығын баса айтады [10, 96]. Яғни әр адамды жеке тұлға, индивид деп алатын болсақ, адамға тән тұлғалық қасиеттерді анықтауда гендерлік лингвистика шешуші орын алады.

Ер адам сөйлеу барысында көбіне тосылып қалады. Яғни олар өз ойын жеткізуде әйелдер секілді бірнеше сөзбен шұбалтып бермейді. Көбіне ойланып, айтқалы жатқан ойын үзіліс жасап барып сөйлеу әрекетіне көшеді.

- Енді... Жалпы ертерек жиналайық [8, 58].

- Сен... сен жата бер, Назираш... Әншейін жаттығу тревогасы шығар, - деді Қасымбек [8, 37].

- І-і... пәлендей еш нәрсе жоқ. Командирлер орнында болсын, әскер дайын тұрсын депті. Мүмкін жоғарғы жақтан тексеру келетін шығар [8, 37].

Ер адамның ашу-ызасын сипаттауда қазақтың әйгілі қаламгері Б.Майлин: «*Темір сияқтанған қатты саусақ оң жақ білегінен қапсыра ұстаған екен, кесіп тастамаса айырылар емес... Ызғарлы ашу, уытты кек мағын түгел қоршап алғандай*» [11, 4]. Бұл – ер адамға тән мінез. Бұл жерде ер адамың мінезіне тән қаттылық, шу мен кектің соншалықты зәрлі екендігі «ызғарлы, уытты» сын есімдерімен берілген. Әлбетте, әйел адамның ішкі көңіл-күйін сипаттауда «*ызғарлы ашу*», «*уытты кек*» сөз тіркестері қолданылмайды. Өйткені ызаға берілгіш, кек сақтағыш келетін – ер адамдар. Ал әйел адамға табиғатынан нәзіктік тән. Демек, әйелдің ашу шақыруының өзінде де асқан бір дәрежелілік болмайды.

Қазақы таным-түсінікте әйел адамның тілінде уайымдағанда, не разы болғанда Жаратқанға жалбарыну бар. Бұл негізінен «*Құдай-ай*», «*Жасаған*», «*Тәңірім*» сынды сөздермен келеді. - *Жасаған Құдайға мың да бір рахмет*, - деді әйелі қолын бүріп маңдайына тигізіп шоқынып жатып [8,616.].

Мұндағы әйелдің қуаныш, разылығы Жаратқанға алғыс айту арқылы берілсе, керісінше, өзінің қазіргі күйіне күйзелгеннің жанның сөзі былай өріледі: – *Құдай-ай!.. Не қылмысымыздан бұл күйге түстік екен?* – деді [8,636.].

Бұл екі мысал да «Құдай» сөзі әйелдің эмоциясын тануда кілт сөз екендігі анық. Алайда бір сөзді қандай мәнде, қандай мақсатта жұмсағандығына байланысты контексте түрлі реңкке ие болады. Ғалым Г.Шоқым осы «Құдай», «Жаратқан» сөздерінің әйел тіліне тән екендігін айтады [12, 18].

Әйел тіліне, сондай-ақ, бір сөзді бірнеше рет қайталау тән. Бұл негізінен әйелдің ер адамдармен салыстырғанда, сенімсіздігімен байланысты. Мысалы: - *Ағатайлар, ағатайлар... Бізді өлтірмеңдер, өлтірмеңдер!* [8, 97].

Бұл сөйлеу әрекетінен екі сөздің жеке-жеке екі рет қайталанып айтылғандығын көреміз. Бірі - қаратпа сөз болса, екіншісі – іске итермелейтін етістік. Ал бұл шығармадағы оқиға желісіне жүгінсек, жау тылына түскен қыз баланың жанын арашалаудағы сөздері екендігін аңғарамыз. Яғни қорыққан адам көбіне тілдік конструкцияларды қайталаумен болады. Бұл тұста сөйлеу актісінің психологиямен тікелей байланысты екенін көреміз. Өйткені адам бойын үрей билегенде, мидың болып жатқан іске объективті жауап бере алмайтындығы белгілі. Соған сай адам қолданысындағы сөз де бір-біріне жымдаспай, түрлі тавтологиялармен берілуі мүмкін.

Әйел тілінде бір сөзді қайталай қолдану, сонымен қатар, бір нәрсені нақтылап айту да көрініс табады. - *Миша, Миша, мына вазаны сынбайтын жерге қойшы*, - деді офицерге [8, 39]. Мұнда қаратпа мәндегі сөз қайталанып қолданылған. Яғни кейіпкер өзі қарата айтқан адамға міндеттеген іс-әрекеттің толық орындалуын шегелей айтады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазақ және ағылшын тілдеріндегі эмоцияны көрсететін сөздерді гендерлік аспектіде зерттеу өзекті болып табылатындығын аңғарамыз. Өйткені адамның эмоциясы мен ішкі әлемінің жай-күйі сыртқы ортаға сөз болып арнайы тілдік құралдар арқылы шығады. Бұл тілдік құралдарды пайдаланып жұмсауда ерлер мен әйелдер арасында біршама айырмашылық бар екенін байқадық. Мұндай айырмашылық әйел мен ердің темперамент, мінез-құлық жағынан бір-бірінен ерекшеленетіндігімен байланысты. Ер адамдарға көбіне байыпты, салқынқанды лексика тән болса, әйел адамдарға эмоцияны айқын танытатын сөздер тән.

Адамның көңіл-күйі мен эмоциясы психологияда зерттелетіндіктен, оны психология мен лингвистиканы байланыстыра отырып гендерлік аспектіде зерделеуіміз керек. Әйел адамдар одағай сөздер мен түрлі эмотивті сөздерді, сондай-ақ, сұраулы және лепті сөйлемдерді жиі қолданады. Ағылшын және қазақ тіліндегі әйел тілі мен ер тілінің бір-біріне жақындасатын тұстарын байқаймыз. Екі тілде де әйелдер көбіне эмоцияға берілгіш келетіндіктен, эмоцияны айқын танытатын сөздерді көп жұмсау, сөйлеу барысында эмоциясын танытуда сөздерді шұбалтып қолдану басым болады. Ал ер адам мінез-құлқы жағынан байсалды, сабырлы болатындықтан, олар көбіне жалаң сөйлейді, әрі бұйыру мәндегі сөздерді көп қолданады. Ал ашуға берілгенде көбіне дөрекі сөздер мен десфимизмді айту да – ер адамға тән тілдік белгілердің бірі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Добрунова, О.В. Влияние эмоций на синтаксический строй разговорной речи (на материале немецкого языка): Автореф. ... канд. филол. наук. / О.В. Добрунова – Москва, 1990. – 25 с.
- 2 Вандышева, А.В. Гендерно ориентированная лексика в языковой картине мира (на материале английского, русского и немецкого языков): Дисс... канд. филол. наук. / А.В. Вандышева – Ростов-на-Дону, 2007. – 180 с.
- 3 Буренина, Н.В. Диалог и эмотивная функция языка // Диалог о диалоге: Межвуз. сб. науч. тр. Саранск. / Н.В. Буренина – Саранск, изд-во Мордовского ун-та, 1991. – С. 28-35.
- 4 Шаховский, В.И. Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. /В.И. Шаховский – Воронеж: Воронежский университет, 1987.- 192 с.
- 5 Потапов, В.В. Современное состояние гендерных исследований в англоязычных странах // Гендер как интрига познания. / В.В. Потапов – Москва: МГУ им. Ломоносова, 2002. – С. 94-117.
- 6 Донченко, Ю.И., Агапова С.Г. Анализ гендерных особенностей эмоциональных высказываний говорящих (на материале английского языка). [Электронный ресурс] – <http://journal.org/articles/2008/fill27.html> (қаралды 10.10.2018)
- 7 Змеева, Т.Е. ИмPLICITное выражение эмоций в функционально-коммуникативном аспекте (на материале современного французского языка): Автореф. ... канд. филол. наук. / Т.Е. Змеева – Москва, 1989. – 24 с.
- 8 Ахтанов Т. Көп томдық шығармалар жинағы. / Т. Ахтанов – Алматы, Мерекелік баспалар үйі, 2014. Т.4. – 392 б.
- 9 Conklin, N.F. Toward a feminist analysis of linguistic behaviour // Papers in women's studies. / N.F. Conklin - London, Michigan Publishing, 1974. №1.
- 10 Кирилина, А.В. Гендер: лингвистические аспекты. / А.В. Кирилина- Москва: Изд-во Институт социологии РАН, 1999. – 180 с.

11 Майлин Бейімбет. Шығармалар./ Бейімбет Майлин – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962 Т.4. – 400 б.

12 Шоқым Г. Тілдің гендерлік жіктелімінің тілдік негіздері. Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған авторефераты. / Г. Шоқым – Алматы, 2009. – 24 б.

Г.З. Бейсембаева, А.К. Калибасова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Гендерный аспект выражении эмоции в английском и казахских языках

Аннотация. В представленной статье проведен анализ гендерного аспекта эмоций на материале художественных произведений в английском и казахском языках. Рассмотрены структурно-семантические особенности мужского и женского дискурса, отражающие эмотивное состояние субъекта. Выявленные сходства и различия в высказываниях субъектов, подтверждаются рядом примеров, приведенных в данной статье.

Всесторонне изучившие гендерную лингвистику такие ученые, как О.В. Добрунова, А.В. Вандышева, А.В., Кирилина опираясь на их работы автор анализирует то, что, эмоции можно классифицировать на гендер. Поэтому, теорические аспекты, касающиеся эмоции доказаны на практике на материале художественных материале английском и казахском языках. Научно доказано, что люди опираясь на гендерные классификации применяют разные слова при выражении эмоции.

Ключевые слова: гендерный аспект, гендерология, эмоция, лексика.

G.Z. Beisembayeva, A.K. Kalibasova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Gender aspect of the emotion expression in English and Kazakh languages

Abstract. The article presents an analysis of the gender aspect of emotions on the material of fiction of English and Kazakh languages. Structural and semantic features of male and female discourse reflecting the emotional state of the subject are considered. Listed similarities and differences in the statements of subjects, are confirmed by a number of examples cited in this article.

Having comprehensively studied gender linguistics such scientists as Dobrunova O.V., Vandysheva A.V., Kirilina A.V.. relying on their work the author analyzis that emotion can be classified for gender. Therefore theoretical gender aspects concerning emotions are proven in practice and examples are given on the material in English and Kazakh languages. It has been scientifically proven that people, based on gender classification use different words to express emotions,

Key words: gender aspect, gender study, emotion, linguistics.

References

- 1 Dobrunova O.V. Vliyanie emocii na sintaksi4eskii stroi razgovornoj re4i (na materiale nemeckogo yazyka) [Influence of emotions on the syntactic structure of colloquial speech (On the material of the German language)]: avtoref... kand. filol. nauk. [Abstract of phil. cand.] (Moscow, 1990, 25 p.). [in Russian]
- 2 Vandysheva A.V. Genderno orientirovannaya leksika v yazykavoi kartine mira (na materiale angliiskogo, russkogo i nemeckogo yazykov) [Gender-oriented vocabulary in the language of picture the world]. (On the material of English, Russian and German languages): Filolog. kand. dis. [Dissertation of phil. cand.]. (Rostov-on-Don, 2007. 180 p.).

- 3 Burenina N.V. Dialog i emotivnaya funkciya yazyka [Language dialogue and emotion function] // Dialog o dialoge [Dialogue about dialogue]: Mejevuz. sb. nauch. tr. Saransk [Intercollege collec. of sc. tr. of Saransk] (Pub. house of Mordovia University, Saransk, 1991, P. 28-35). [in Russian]
- 4 Shahnovskij V.I. Kategorizacij v leksiko-semanti4eskoj sisteme ijazyka [Categorization in the lexico-symantic language system], (Voronezh University, Voronezh, 1987, 192 p.). [in Russian]
- 5 Potapov V.V. Sovremennoe sostojanie gendernyh issledovanij v anglojazy4nyh stranah [Modern state of gender studies in English-speaking countries]. (MSU by Lomonosov, Moscow, 2002, P. 94-117). [in Russian]
- 6 Donchenko Y.I., Agapova S.G. Analiz gendernyh osobennostej emotcional'nyh vyskazybanij govornjashih [Analysis of the gender characteristics of the emotional statements of speakers] (na materiale anglijskogo ijazyka) [on the material of English language] Available at : <http://jurnal.org/articles/2008/fill27.html> (Accessed: 10.10.2018) [in Russian]
- 7 Zmeeva T. E. Implicitnoe vyrazhenie emocij v funkcional'no- kommunikativnom aspect [The implicit dissolution of the emotion in the functional-communicative aspect] (na materiale sovremennogo francuzkogo ijazyka) (on the material of contemporary French language): Avtoref... kand. filol. Nauk. [Abstract of phil. cand.] (Moskow, 1989. 24 p.). [in Russian]
- 8 Ahtanov T. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy [Multi-volume collection of works] (Holliday publishing house, Almaty, 2014. T.4, 392 p.). [in Kazakh]
- 9 Conklin, N.F. Toward a feminist analysis of linguistic behaviour // Papers in women's studies. (Michigan Publishing, London, 1974, №1). [in English]
- 10 Kirilina A.V. Gender: lingvisticheskie aspekty [Gender: linguistic aspects] In-t sociologii RAN [Institut of Sociology RAN], (Moscow, 2016).
- 11 Mailin Beijmbet Shygarmalar [Compositions]. (Kazgovficpub, Almaty, 1962, 400 p.). [in Kazakh]
- 12 Shokym G. Tildin gendorlyk zhikteliminini tildik negizdery [Language basis of the genre classification of languages]: Filologija gylymdarynyn doctory atagyn alu ushin daiyndalghan avtoreferat [Author's abstract prepared for the title of Doctor of Philology]. (Almaty, 2009, 24 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Бейсембаева Г.З. – PhD, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Қ.Мұңайтпасов 12 көш., Астана, Қазақстан.

Калибасова А.К. – филология факультетінің (021000) II курс магистранты Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті I курс, Қ.Мұңайтпасов көш.12, Астана, Қазақстан.

Beisembayeva G.Z. – Doctor of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Munaytpassov str. 12, Astana, Kazakhstan.

Kalibasova A.K. – master student of foreign philology department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Munaytpassov str. 12, Astana, Kazakhstan.